



Qazaqstan Respýblıkasy Zańnama jáne quqyqtyq aqparat institýtynyń

JARSHYSY

gylymi-quqyqtyq jýrnal №3 (74)-2023

Құрылтайшы және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заңнама және құқықтық
ақпарат институты» ШЖҚ РМК
2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
www.zqai.kz

сайтында орналастырылған
Заң ғылымдары бойынша диссертациялардың
негізгі ғылыми нәтижелерін жариялауға
арналған басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒССҚК 14.02.2022 ж.
№38 бұйрығы)

Редакциялық кеңес құрамы

Сәрпеков Р.Қ. – з.ғ.к., Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері (Астана, Қазақстан) –
(төраға)
Абайділинов Е.М. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Абызов Р.М. – з.ғ.д. (Барнаул, Ресей)
Белых В.С. – з.ғ.д. (Екатеринбург, Ресей)
Губин Е.П. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Мельник Р.С. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Моисеев А.А. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Муромцев Г.И. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Рахметов С.М. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Малиновский В.А. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Унзила Шапақ – з.ғ.д. (Астана, Қазақстан)

Бас редактор

Дүйсенов Е.А. – з.ғ.к.

Редакциялық алқа құрамы

Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Байниязова З.С. – з.ғ.к. (Саратов, Ресей)
Жанғарашев Р.М. – LL.M. (Астана,
Қазақстан)
Ишбеков К.А. – з.ғ.д., доцент (Мәскеу, Ресей)
Қазбаева Ә.Ғ. – з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)
Қалиева А.О. – (Астана, Қазақстан)
Қаржаубаев С.С. – з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)
Князова А.Ж. – LL.M. (Астана, Қазақстан)
Құлжабаева Ж.О. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан)
Мұрзаев Қ.Т. – (Астана, Қазақстан)
Нұрмағамбетов Р.Ғ. – PhD (Челябинск, Ресей)
Примашев Н.М. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан)
Рахымбердин К.Х. – з.ғ.д. (Өскемен,
Қазақстан)
Салыкова Д.Ө. – (Астана, Қазақстан)
Тегізбекова Ж.Ч. – з.ғ.к. (Бишкек,
Қырғызстан)

Редактор – Қолтубаева Г.Б.
Беттеуші – Ақылбаева С.А.
Тел.: 8 (7172) 26-61-29

Қазақстан Республикасы Ақпарат
және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 17761-Ж 25.06.2019 ж.
(Алғашқы есепке қою кезі
№6592-Ж. 07.09.2005 ж.)

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ., Жеңіс даңғ., 15а
тел.: 8(7172)26-61-22
www.zqai.kz, e-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Редакция бағанасы.....7

Мемлекет және құқық теориясы

А.С. АХМЕТОВ Құқықтық мәдениет мазмұнының өзекті
мәселелері.....13

Конституциялық және әкімшілік құқық

Р.Қ. СӨРПЕКОВ Мемлекеттік жастар саясаты туралы
Қазақстан Республикасының заңнамасы: талдау, проблемалар
және жетілдіру.....22

Ж.О. ҚҰЛЖАБАЕВА Қазақстан Республикасындағы
«Құқық» тобы бойынша білім беру бағдарламаларының пәна-
ралық және пәнөтпелік талдау.....31

Л.Т. ЖАНҰЗАҚОВА Өкілеттік бойынша заңнаманың
құқықтық негіздері.....40

В.Т. КОНУСОВА Жасанды интеллект саласындағы реттеу
саясаты: құқықтық реттеуге тәсілдерді зерттеу.....48

Л.Б. БОГАТЫРЕВА, Б.А. ТАЙТОРИНА, Г.Т. БАЙСАЛОВА
Төтенше жағдай кезінде заңнамалық деңгейде денсаулық
сақтау жүйесін нормативтік-құқықтық реттеу.....59

С.Қ. ЖЕТПІСОВ, Г.А. АЛИБАЕВА, О.Б. ДУБОВИЦКАЯ
Цифрландыру дәуіріндегі дербес деректерді қорғау:
конституциялық-құқықтық аспект.....68

К.Р. БАЛАБИЕВ, А.Қ. ҚҰРМАНОВА Қазақстанды жаңғы-
рту бағытында сайлау құқығы қағидаларын жүзеге асыру
мәселелері.....77

Азаматтық және азаматтық-процестік құқық

Е.М. АБАЙДІЛДИНОВ, М.Ж. КУЛИКПАЕВА Қазақстан
Республикасында венчурлік кәсіпкерлікті құқықтық реттеуді
дамыту.....87

А.А. АМАНГЕЛДІ Зияткерлік меншік құқығының кейбір
жария құқық салаларымен өзара әрекеттесуі.....97

К.Ж. ҚУАНДЫКОВ, М.Қ. ЖҮСПЕБЕКОВА Қоршаған
ортаға келтірілген зиянды өтеудің теориялық және құқықтық
аспектілері.....106

С.А. ӘКІМБЕКОВА Қазақстан Республикасының азамат-
тық процесінде шарттық аумақтық соттылық: теория және
практика мәселелері.....114

И.С. САҚТАҒАНОВА, Ж.О. ОШАҚБАЕВА,
А.Р. ЕНСЕБАЕВА Польша Республикасының әлеуметтік
сақтандыру басқармасының қалыптасуы мен дамуының
негізгі кезеңдері.....123

Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс

Е.В. МИЦКАЯ, Б.Е. ИМАШЕВ, А.А. АМАНТАЕВ
Дәлелдемелер мен жедел-ізвестіру, қарсы барлау материалда-
рын бұрмалауды заңнамалық регламенттеуді жетілдіру
туралы.....132

Қ.Е. ИСМАГУЛОВ Қорғалуға құқығы бар куә және оның
жәбірленушінің айғақтарын сақтауға қатысуы.....142

Е.Е. ҚАЖЕНОВ, А.С. ҚАЖЕНОВА, Р.А. БАРСУКОВА Цифрлық технологиялар жағдайындағы қылмыстық заңнама нормаларының санкцияларын құрастырудың жаңа концепциясы.....	151
Э.Б. АБЛАЕВА Қазақстан Республикасының мамандандырылған қылмыстық соттары.....	159
Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану	
Е.С. ЖАМБАЕВ, Н. СӘУЛЕН, А.Н. САГАДИЕВ Корея Республикасында (Оңтүстік Корея) конституциялық соттың құрылуы және дамуы.....	169
Э.Г. МИРЗАЕВА (Баку қ., Әзірбайжан) Халықаралық үкіметтік емес ұйымдардың мәртебесіне теориялық және практикалық құқықтық тәсілдер.....	175
И.С. САҚТАҒАНОВА Жапонияда еңбекті қорғауды қамтамасыз етудің өзекті мәселелері.....	187
Құқықтық мониторинг	
Е.Н. КАЛИАКПЕРОВА, А.К. ӘБДІРАХМАНОВА Кассациялық өтінішхатты қараусыз қайтару және заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау (Қазақстан Республикасы және Германия).....	197
Мемлекеттік тілдегі заңшығармашылық практикасынан	
Б.А. ШОЛАН Терминдер мен сөз тіркестерін қолданудың кейбір мәселелері.....	207
Жас ғалым мінбері	
А.П. ТРЕТЬЯКОВА (Минск қ., Белоруссия) Беларусь Республикасындағы бірлестік үй меншігіне қатысушылардың және Қазақстан Республикасындағы кондоминиум қатысушыларының құрамын анықтау мәселелері.....	214
А.Ж. РАХМЕТУЛИН Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығын және қылмыстық процесін конституцияландырудың негізгі субъектілері.....	221
В.Б. ТАПАКОВА Жаппай тәртіпсіздіктер: азаматтар мен мемлекетті қамтамасыз ету қауіпсіздік мәселелері.....	230
Р.С. ЖАЛТЫРБАЕВА Қазақстанның заң практикасында жасанды интеллектті қолданудың ерекшеліктері мен оның құқықтану мамандығына әсері.....	239
«Жаршының» архивтегі беттері	
А.А. ЖАҢАТУҒАНОВА Аға ғылыми қызметкер Д.М. Шыңғысбаеваның «Заң терминдерінің бірізділігі туралы» атты ғылыми жарияланымына қайта оралғанда.....	250
ЗҚАИ-ның ғылыми қызметі туралы ақпарат	255



Учредитель и издатель:
РГП на ПХВ «Институт законодательства
и правовой информации
Республики Казахстан»
Издаётся с 2006 года
Все материалы журнала размещаются на
сайте www.zqai.kz
Включен в перечень изданий для публикации
основных научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ КОКСОН МОН РК №38
от 14.02.2022 г.)

Состав Редакционного совета
Сарпеков Р.К. – к.ю.н., Заслуженный
деятель Казахстана (Астана, Казахстан) –
(председатель)
Абайдельдинов Е.М. – д.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Абызов Р.М. – д.ю.н. (Барнаул, Россия)
Белых В.С. – д.ю.н. (Екатеринбург, Россия)
Губин Е.П. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Мельник Р.С. – д.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Моисеев А.А. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Муромцев Г.И. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Рахметов С.М. – д.ю.н. (Астана, Казахстан)
Малиновский В.А. – д.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Унзила Шапак – д.ю.н. (Астана, Казахстан)

Главный редактор
Дюсенов Е.А. – к.ю.н.

Состав Редакционной коллегии
Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Байниязова З.С. – к.ю.н. (Саратов, Россия)
Джангарашев Р.М. – LL.M. (Астана,
Казахстан)
Ишеев К.А. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Казбаева А.Г. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Калиева А.У. – (Астана, Казахстан)
Каржаубаев С.С. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Киязова А.Ж. – LL.M. (Астана, Казахстан)
Кулжабаева Ж.О. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Мурзаев К.Т. – (Астана, Казахстан)
Нурмагамбетов Р.Г. – PhD (Челябинск,
Россия)
Примашев Н.М. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Рахимбердин К.Х. – д.ю.н. (Усть-Каменогорск,
Казахстан)
Салыкова Д.О. – (Астана, Казахстан)
Тегизбекова Ж.Ч. – к.ю.н. (Бишкек,
Кыргызстан)

Редактор – **Колтубаева Г.Б.**
Верстка – **Акылбаева С.А.**
Тел.: 8 (7172) 26-61-29

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 17761-Ж
от 25.06.2019 г. Комитета информации
Министерства информации и коммуникаций
Республики Казахстан (Первичная постановка
на учет №6592-Ж. 07.09.2005 г.)

Адрес: Республика Казахстан 010000,
г. Астана, пр. Желіс, 15а
тел.: 8 (7172) 26-61-22
www.zqai.kz, e-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

ВЕСТНИК

Института законодательства и правовой
информации Республики Казахстан

научно-правовой журнал №3 (74)-2023

Колонка редакции9

Теория государства и права

А.С. АХМЕТОВ Актуальные вопросы содержания право-
вой культуры 13

Конституционное и административное право

Р.К. САРПЕКОВ Законодательство Республики Казахстан
о государственной молодежной политике: анализ, проблемы
и совершенствование 22

Ж.О. КУЛЖАБАЕВА Анализ междисциплинарности и
трандисциплинарности образовательных программ по груп-
пе «Право» в Республике Казахстан 31

Л.Т. ЖАНУЗАКОВА Правовые основы делегированного
законодательства 40

В.Т. КОНУСОВА Регуляторная политика в сфере искус-
ственного интеллекта: исследование подходов к правовому
регулированию 48

Л.Б. БОГАТЫРЕВА, Б.А. ТАЙТОРИНА, Г.Т. БАЙСАЛОВА
Нормативно-правовое регулирование системы здравоохра-
нения на законодательном уровне в условиях чрезвычайной
ситуации 59

С.К. ЖЕТПИСОВ, Г.А. АЛИБАЕВА, О.Б. ДУБОВИЦКАЯ
Защита персональных данных в эпоху цифровизации: консти-
туционно-правовой аспект 68

К.Р. БАЛАБИЕВ, А.К. КУРМАНОВА Вопросы реализа-
ции принципов избирательного права в части модернизации
Казахстана 77

Гражданское и гражданско-процессуальное право

АЕ.М. АБАЙДЕЛЬДИНОВ, М.Ж. КУЛИКПАЕВА Разви-
тие правового регулирования венчурного предприниматель-
ства в Республике Казахстан 87

А.А. АМАНГЕЛЬДЫ Взаимодействие права интеллекту-
альной собственности с некоторыми отраслями публичного
права 97

К.Ж. КУАНДЫКОВ, М.К. ЖУСУПБЕКОВА Теоретиче-
ские и правовые аспекты возмещения вреда окружающей
среде 106

С.А. АКИМБЕКОВА Договорная экстерриториальная
подсудность в гражданском процессе Республики Казахстан:
вопросы теории и практики 114

И.С. САКТАГАНОВА, Ж.О. ОШАКБАЕВА,
А.Р. ЕНСЕБАЕВА Основные этапы становления
и развития управления социального страхования
Польской Республики 123

Уголовное право и уголовный процесс

Е.В. МИЦКАЯ, Б.Е. ИМАШЕВ, А.А. АМАНТАЕВ О со-
вершенствовании законодательной регламентации фальсифи-

кации доказательств и оперативно-розыскных, контрразведывательных материалов.....	132
К.Е. ИСМАГУЛОВ Свидетель, имеющий право на защиту, и его участие при депонировании потерпевшего.....	142
Е.Е. КАЖЕНОВ, А.С. КАЖЕНОВА, Р.А. БАРСУКОВА Новая концепция построения санкций норм уголовного законодательства в условиях цифровых технологий	151
Э.Б. АБЛАЕВА Специализированные уголовные суды Республики Казахстан.....	159
Международное право и сравнительное правоведение	
Е.С. ЖАМБАЕВ, Н.САУЛЕН, А.Н. САГАДИЕВ Становление и развитие Конституционного суда в Республике Корея (Южная Корея).....	169
Э.Г. МИРЗАЕВА (г. Баку, Азербайджан) Теоретические и практические правовые подходы к статусу международных неправительственных организаций.....	175
И.С. САКТАГАНОВА Актуальные вопросы обеспечения охраны труда в Японии.....	187
Правовой мониторинг	
Е.Н. КАЛИАКПЕРОВА, А.К. АБДРАХМАНОВА Возвращение кассационного ходатайства без рассмотрения и пересмотр судебных актов, вступивших в законную силу (Республика Казахстан и Германия).....	197
Из практики законодательства на государственном языке	
Б.А. ШОЛАН Некоторые вопросы использования терминов и словосочетаний.....	207
Трибуна молодого ученого	
А.П. ТРЕТЬЯКОВА (г. Минск, Белоруссия) Вопросы определения состава участников совместного домовладения в Республике Беларусь и участников кондоминиума в Республике Казахстан.....	214
А.Д. РАХМЕТУЛИН Главные субъекты конституционализации уголовного права и уголовного процесса Республики Казахстан.....	221
В.Б. ТАПАКОВА Массовые беспорядки: проблемы обеспечения безопасности граждан и государства.....	230
Р.С. ЖАЛТЫРБАЕВА Особенности применения искусственного интеллекта в юридической практике и его влияние на юридическую профессию в Казахстане.....	239
Архивные страницы «Вестника»	
А.А. ЖАНАТУГАНОВА Возвращаясь к научной публикации старшего научного сотрудника Д.М. Шынгысбаевой «О единообразии юридических терминов».....	250
Информация о научной деятельности ИЗПИ.....	257



Bulletin of Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan

JARSHYSY

scientific and legal journal №3 (74)-2023

Founder and publisher:
RSE on the REM «Institute of Legislation and Legal information of the Republic of Kazakhstan»
Published since 2006
All journal materials are placed on the website
www.zqai.kz
Included in the list of publications of basic scientific results of dissertations on legal sciences (Order CCES MES RK №38 from 14.02.2022)

Editorial Council members

Sarpekov R.K. – c.j.s., *Honored Worker of Kazakhstan (Astana, Kazakhstan) – (Chairman)*
Abayeldinov E.M. – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Abyzov R.M. – d.j.s. (Barnaul, Russian)
Belih V.S. – d.j.s. (Ekaterinburg, Russian)
Gubin E.P. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Melnik R.S. – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Moiseev A.A. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Muromcev G.I. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Rahmetov S.M. – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Malinovskiy V.A. – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Unzila Shapak – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)

Chief Editor

Dyussenov Ye.A. – c.j.s.

Editorial Board members

Azer Aliyev – PhD (Kiel, Germany)
Bainiyazova Z.S. – c.j.s. (Saratov, Russian)
Dzhangarashev R.M. – LLM (Astana, Kazakhstan)
Ishekov K.A. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Kaliev A.U. – (Astana, Kazakhstan)
Kazbayeva A.G. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Karzhaubaev S.S. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Kiyazova A.Zh. – LLM (Astana, Kazakhstan)
Kulzhabayeva Zh.O. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Murzashvili K.T. – (Astana, Kazakhstan)
Nurmaganbetov R.G. – PhD (Chelyabinsk, Russian)
Primashev N.M. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Rakhimberdin K.H. – d.j.s. (Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan)
Salykova D.O. – (Astana, Kazakhstan)
Tegizbekova Zh.Ch. – c.j.s. (Bishkek, Kyrgyzstan)

Editor – **Koltubaeva G.B.**
Layout – **Akylbaeva S.A.**
Tel.: 8 (7172) 26-61-29

The certificate of registration of mass media №17761-G from 25.06.2019 from the Information Committee of the Ministry of Information and Communications of the Republic of Kazakhstan (Number and date of primary registration №6592-Zh.07.09.2005.)

Address: The Republic of Kazakhstan, 010000, Astana, Zhenis ave., 15a,
tel.: 8 (7172) 26-61-22
www.zqai.kz, e-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Editorial11

Theory of State and law

A.S. AKHMETOV Current issues of the content of legal culture13

Constitutional and Administrative Law

R.K. SARPEKOV The legislation of the Republic of Kazakhstan on the state youth policy: analysis, problems and improvement.....22

Zh.O. KULZHABAYEVA Analysis of interdisciplinarity and transdisciplinarity of educational programs in the group "Law" in the Republic of Kazakhstan.....31

L.T. ZHANUZAKOVA Legal framework for delegated legislation.....40

V.T. KONUSOVA Regulatory policy in the realm of artificial intelligence: exploring approaches to legal regulation.....48

L.B. BOGATYREVA, B.A. TAITORINA, G.T. BAYSALOVA Regulatory regulation of the healthcare system at the legislative levels in an emergency.....59

S.K. ZHETPISOV, G.A. ALIBAYEVA, O.B. DUBOVITSKAYA Protection of personal data in the era of digitalization: constitutional and legal aspect.....68

K.R. BALABIYEV, A.K. KURMANOVA Issues of implementation of the principles of electoral law in terms of modernization of Kazakhstan.....77

Civil and Civil Procedure Law

Y.M. ABAIDELDINOV, M.ZH. KULIKPAYEVA Development of legal regulation of venture entrepreneurship in the Republic of Kazakhstan.....87

A. AMANGELDY Interaction of intellectual property law with certain branches of public law.....97

K. KUANDYKOV, M.K. ZHUSUPBEKOVA Theoretical and legal aspects of compensation for damage to the environment..106

S.A. AKIMBEKOVA On contractual territorial jurisdiction in the civil procedure of the Republic of Kazakhstan: questions of theory and practice.....114

I.S. SAKTAGANOVA, Z.O. OSHAKBAYEVA, A.R. ENSEBAYEVA The main stages of formation and development of the social insurance administration of the Polish Republic.....123

Criminal law and Criminal procedure

E.V. MITSKAYA, B.E. IMASHEV, A.A. AMANTAYEV On improving the legislative regulation of falsification of evidence and intelligence, counter-intelligence material.....132

K.E. ISMAGULOV Witness eligible for protection and his participation in the examination for discovery.....142

Y.E. KAZHENOV, A.S. KAZHENOVA, R.A. BARSUKOVA A new concept of building sanctions of the norms of criminal legislation, in the conditions of digital technologies.....	151
E.B. ABLAEVA Specialized criminal courts Republic of Kazakhstan.....	159
International law and Comparative law	
Y.S. ZHAMBAYEV, N. SAULEN, A.N. SAGADIEV Formation and development of the Constitutional court in the Republic of Korea (South Korea).....	169
E.G. MİRZAYEVA (Baku c., Azerbaijan) Theoretical and practical legal approaches to the status of international non-governmental organizations.....	175
I.S. SAKTAGANOVA Current issues of labor protection in Japan.....	187
Legal monitoring	
E.N. KALIAKPEROVA, A.K. ABDRAKHMANOVA The return of the cassation petition without consideration and the revision of judicial acts that have entered into legal force (Republic of Kazakhstan and Germany).....	197
From the lawmaking practice in the official language	
B.A. SHOLAN Some questions about the use of terms and phrases.....	207
Young researchers' tribune	
A.P. TRETYAKOVA (Minsk, Belarus) Issues of determining the composition of participants of joint house ownership in the Republic of Belarus and participants of a condominium in the Republic of Kazakhstan.....	214
A.D. RAKHMETULIN The main subjects of the constitutionalization of criminal law and criminal procedure of the Republic of Kazakhstan.....	221
V.B. TABAKOVA Mass riots: security issues citizens and the state.....	230
R.S. ZHALTYRBAYEVA Features of the use of artificial intelligence in legal practice and its impact on the legal profession in Kazakhstan.....	239
The archive pages of the «Bulletin»	
A.A. ZHANATUGANOVA Returning to the scientific publication of senior researcher D.M. Shyngysbaeva «On the uniformity of legal terms».....	250
Information about the scientific activities of ILLI RK	255

ТЕРМИНДЕР МЕН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бекен Ахметоллаұлы Шолан

Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты Лингвистика орталығының жетекші ғылыми қызметкері,
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы; e-mail: sholan50@mail.ru

Аннотация. Еліміз жиырма бірінші ғасырға аяқ басқаннан бері экономика, саясат, қаржы, ғылым, техника және басқа да салалардың жедел дамуына байланысты күнделікті өмірімізге жаңа сөздер еніп, кеңінен қолданыла бастады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы тәуелсіздіктің арқасында алдыңғы қатарлы мемлекеттермен шарт, келісім, келісімшарт жасасу арқылы тығыз байланыс орнатты, сөйтіп нарықтық экономикаға жасалған қарышты қадам көптеген жаңалықтарын ала келді. Осының әсерінен жүздеген терминдер мен сөз тіркестері де айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Әлемдік өркениет, ғылыми прогресс өте жедел қарқынмен дамып, тіл мен мәдениетке, өнер мен әдебиетке, мемлекеттің басқа да салаларына айтарлықтай ықпал етуде.

Осыған орай, мақалада негізінен жалпы тілге, әсіресе аударма тілінің сапасына қатысты кейбір өзекті мәселелерге баса назар аударылады.

Көптеген заң актілерінде әртүрлі қолданылып келген терминдер немесе заман ағымына байланысты күнделікті қолданыстан түсіп қалса да, ескірген сөздер мен сөз тіркестері жаңаларымен қатар пайдаланылып жүргені айтылады.

Тиісті мемлекеттік органдардың алдында өзекті әрі ауқымды міндеттер тұрғаны, атап айтқанда, заң актілерінің жобаларын мемлекеттік тілде әзірлеп, талқылауға бағытталған қадам жасау, сонымен қатар заң мәтіндері аудармасының сапасын неғұрлым жақсартуға түсу қажеттігі сөз болады. Бұған қол жеткізудің ең тиімді жолдары ұсынылады.

Мақалада заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу барысында терминдер мен сөздердің жаңа нұсқаларының аудармасы сараланып, бірте-бірте түзетіле бастағаны және бұл үрдіс әлі де жалғаса беретіні ескертіледі.

Автор бұл үшін алғышарттың бәрі бар екенін айта келе, оларды санамалап көрсетеді, бұған тиісті органдар мен жауапты тұлғалардың тиянақты түрде көңіл бөліп, іске кірісуі қажет екені айтылады.

Түйін сөздер: әлемдік прогрестің әсері, заңнама тілі, аударма сапасы, ескірген терминдер мен сөз тіркестері, заң жобаларын мемлекеттік тілде әзірлеу, мониторинг.

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ТЕРМИНОВ И СЛОВСОЧЕТАНИЙ

Шолан Бекен Ахметоллаұлы

Ведущий научный сотрудник Центра лингвистики Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан;
г. Астана, Республики Казахстан; e-mail: sholan50@mail.ru

Аннотация. С тех пор, как наша страна вступила в двадцать первый век, в нашу повседневную жизнь вошли и стали широко использоваться новые слова связанные с ускоренным развитием экономики, политики, финансов, науки, техники и других отраслей.

Кроме того, благодаря независимости Республика Казахстан установила тесные связи с передовыми государствами путем заключения договоров, соглашений, контрактов, да и поступательный шаг к рыночной экономике внес много новшеств. Благодаря чему сотни терминов и фраз также претерпели значительные изменения. Мировая цивилизация, научный прогресс развиваются очень быстрыми темпами и оказывают значительное влияние

на язык и культуру, искусство и литературу, другие сферы государства.

В связи с этим в статье основное внимание уделяется некоторым актуальным вопросам, в основном касающимся языка, в особенности качеству языка перевода.

Во многих законодательных актах говорится, что устаревшие слова и фразы используются наряду с новыми, хотя термины, которые использовались по-разному, или, в зависимости от течения времени, выпадают из повседневного употребления.

Речь идет о том, что перед соответствующими государственными органами стоят актуальные и масштабные задачи, в частности, необходимо сделать смелый шаг к разработке и обсуждению проектов законодательных актов на государственном языке, а также улучшить качество перевода юридических текстов. Предлагаются наиболее эффективные способы достижения этого.

В статье отмечается, что при внесении изменений и дополнений в законодательные акты перевод новых версий терминов и слов стал дифференцированным и постепенно корректироваться, и эта тенденция будет продолжаться.

Автор перечисляет их, отмечая, что для этого есть все предпосылки, на что следует обратить пристальное внимание соответствующих органов и ответственных лиц и приступить к делу.

Ключевые слова: влияние мирового прогресса, язык законодательства, качество перевода, устаревшие термины и словосочетания, разработка законопроектов на государственном языке, мониторинг.

SOME QUESTIONS ABOUT THE USE OF TERMS AND PHRASES

Sholan Beken Ahmetollauly

Leading Researcher of the Center of Linguistics of the Institute of Legislation
and Legal Information of the Republic of Kazakhstan, Astana, Republic of Kazakhstan;
e-mail: sholan50@mail.ru

Abstract. Since our country entered the twenty-first century, new words related to the accelerated development of the economy, politics, finance, science, technology and other industries have entered and become widely used in our daily life.

In addition, thanks to independence, the Republic of Kazakhstan has established close ties with advanced states through the conclusion of contracts, agreements, contracts, and the progressive step towards a market economy has introduced many innovations. Thanks to this, hundreds of terms and phrases have also undergone significant changes. World civilization and scientific progress are developing very rapidly and have a significant impact on language and culture, art and literature, and other spheres of the state.

In this regard, the article focuses on some topical issues, mainly related to the language, especially the quality of the translation language.

Many legislative acts state that obsolete words and phrases are used along with new ones, although terms that have been used in different ways, or, depending on the passage of time, fall out of everyday use.

The point is that the relevant state bodies face urgent and large-scale tasks, in particular, it is necessary to take a bold step towards the development and discussion of draft legislative acts in the state language, as well as to improve the quality of translation of legal texts. The most effective ways to achieve this are suggested.

The article notes that when amendments and additions are made to legislative acts, the translation of new versions of terms and words has become differentiated and gradually adjusted, and this trend will continue.

The author lists them, noting that there are all prerequisites for this, which should be paid close attention to by the relevant authorities and responsible persons and get down to business.

Keywords: the impact of world progress, the language of legislation, the quality of translation, outdated terms and phrases, the development of bills in the state language, monitoring.

Кіріспе

Заң жобасын әзірлеу кезінде белгілі бір жүйелілікті сақтап, заң терминдері мен тіркестерінің нормаға нұқсан келтірмейтіндей дәлдікпен берілуін қадағалап, заң жобалары мәтіндеріндегі нормалардың бүкіл заңнамалық актілерде бірізді қолданылу тетіктерін қалыптастыру қажет. Бүгінгі таңда қолданыстағы терминдер мен сөз тіркестерінің аудармасы қамтылған сөздіктер аз емес. Бірақ оларда бір сөздің өзі бірнеше нұсқада берілетіндіктен, аудармашылар қай сөздікті басшылыққа аларын білмей дал болады.

Қалыптасқан аударма тілін зерделей отырып, заң жобаларын мемлекеттік тілде әзірлеу үшін оған алғышарттар жасалып, тиісті органдарға заң аясында орынды талаптар қойылуда. Заңнамалық актілерді орыс тілінен аудару үрдісін азайтып, мемлекеттік тілде әзірлеуге бірте-бірте көшу туралы ұсыныстар жиі айтылып келеді.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері отыз жылдан асып кетсе де бұл талпыныс өте баяу жүзеге асырылуда. Әрине, әртүрлі деңгейдегі ресми, бейресми басқосулар (конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және т.б.) жиі өткізіліп тұрады. Олардың хаттамаларында тиісті тапсырмалар санамаланып жазылады да тиісті органдарға жолданады. Бірақ олар әртүрлі себеп-салдарға байланысты орындалмай, кейінге шегеріле береді.

Тіл мәселесіне қатысты бірқатар бағдарлама да қабылданған. Бірақ осы уақытқа дейін іс алға жылжымай, «баяғы жартас – сол жартас» күйінде қалып отырғаны жасырын емес. «Неге бұлай?» - деген сұраққа тиісті мекемелер мен ұйымдардың сылтауы көп сырғытпа жауабы дайын тұрады. «Осындай шаралар қабылданғалы жатыр» деген кезекті уәде түптеп келгенде нақты нәтиже бермейді.

Мемлекет басшысы Қ-Ж. Тоқаевтың 2023 жылғы 15 маусымда Түркістан қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде: «Қазақ тілі – азаматтық бірегейлігіміздің және рухани бірлігіміздің нышаны. Біз оны күнделікті қарым-қатынастың ғана емес, нағыз ғылым мен білімнің тілі етуге тиіспіз. Бұл міндет жөнінде бұрын да айтылды, осы мақсатты күшпен, айқай-шумен емес, ақылмен, пара-

сатпен іске асыруымыз керек. Бұл – бүкіл қоғамның ортақ міндеті.» [1] - деген еді. Яғни, бұл істің орындалуына жауапты органдар өз жұмысында осы бағдарламалық құнды пікірді басшылыққа алуға міндетті. Енді айқай-шудың заманы баяғыда өтіп кеткенін қаперде ұстау керек.

Әдістер мен материалдар

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес (24-бабының 3-тармағының екінші абзацы) «...нормативтік құқықтық актінің мәтіні әдеби тіл нормалары, заң терминологиясы және заң техникасы сақтала отырып жазылады, оның ережелері барынша қысқа болуға, нақты мағынаны және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс»¹. Сондықтан, заң жобасын мемлекеттік тілде әзірлегенде аталған Заңның ережелерін негізге алу керек.

Жоғарыда аталған кемшіліктер мен олқылықтардан арылу үшін тілге қатысты, оның ішінде заңнама тіліне қатысты мәселелерді жіті қадағалап, кешіктірмей жүзеге асыратын уақыт келген сияқты. Заң жобаларын тікелей мемлекеттік тілде әзірлеуді бастап кету үшін мынадай алғышарттар орындалуға тиіс деп есептейміз:

- ең алдымен, осы іске әлеуеті жететін білікті кадрлар дайындау, олардың қазақ тілінің маманы әрі заң жобасын мәтінін жаза алатын заңгер, заң тарихынан жан-жақты хабары бар құқық білгірі болуына баса назар аудару;

- заңнамалық актілерде тұрақты әрі жиі қолданылатын терминдер мен сөз тіркестерінің тезаурусын құрастыру деген лингвистикалық категорияны ғылыми тұрғыдан негіздеп, көкейкесті ұсыныстарды қаперге алып отыру;

- алуан түрлі салаларды (саяси, экономикалық, халықаралық, құқықтық, ауыл шаруашылық, өнеркәсіптік, әлеуметтік, экологиялық және т.б. салаларды) қамтитын, заңнамалық актілерде жиі қолданылатын жаңа терминдер мен ұғымдарды қалыптастыру ісін жүйелі түрде жалғастыру;

- Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Терминология комиссиясының (бұдан әрі - Терминком) мақұлдауымен заң аудармасында қалыптасқан кірме сөздердің, ескіріп кеткен терминдер мен сирек кезде-

¹ «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы// <https://adilet.zan.kz/>. [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480> (Жүгіну күні: 19.06.2023ж)

сетін ұғымдардың тізбесін жасап, заң жобасын мемлекеттік тілде жазған кезде мәтінде қолдану үшін дайындап қою;

- мемлекеттік тілде заң мәтіндерін әзірлеу жолында атқарылып жатқан шараларды белгілі бір мақсатпен, тиянақты жоспармен тұрақты түрде жүзеге асыру.

Осыған орай, ҚР Әділет министрлігінің Заңнама және құқықтық ақпарат институтының (бұдан әрі – ЗҚАИ) Лингвистика орталығы енді заңнамалық актілерді мемлекеттік тілде әзірлеуге нақты ықпал ететін тиімді жолдарды қарастырып, тиісті мемлекеттік органдарға ұсыныс жасау үшін заңнама мәтіндері аудармасының сапасын жетілдіруге жәрдемдесетін сөздіктерге салыстырмалы түрде зерттеу жүргізу ісін қолға алды.

Бірыңғай республикалық терминологиялық электрондық базада салалар бойынша орналастырылған терминдер мен сөздерге стилистикалық, лингвистикалық, грамматикалық тұрғыдан талдау жүргізіліп, Терминкомға олардың дұрыс әрі дәл нұсқалары ұсынылды. Қазақстан Республикасының кейбір заңдарының аудармасында ұшырасатын кемшіліктер мен олқылықтар анықталып, нақты мысалдар келтірілді.

Нәтижелер мен талқылаулар

Соңғы жиырма жылда заң жобаларының қазақ тіліндегі аудармасына ғылыми сараптама жүргізу жолында қомақты жұмыс атқарып келе жатқан ЗҚАИ Қазақстан Республикасының заңдары мен заңнамалық актілері (1991 – 2001 жылдар аралығында қабылданған) мәтіндерінің мазмұнына және жазылу стиліне қойылатын талаптардың сақталуына мониторинг жүргізуді бастады.

Бұл жұмыстың мақсаты – заң мәтіндерін мемлекеттік тілде дайындауға кірісер алдында олардың тезаурусын, яғни қате аударылған терминдер мен тіркестердің дәлме-дәл аударылған, нормалық тұрғыдан ретімен орналастырылған нұсқаларын ғылыми дәлелдеу арқылы тиісті мемлекеттік органдарға, оның ішінде Терминология комиссиясына ұсыныстар әзірлеу. Мұның өзі қазақ тілінде заң әзірлеудің негізгі алғышарттарының бірі екенін жоғарыда атап өттік.

2022 жылдан бастап ЗҚАИ қызметкер-

лерінің қарауына «Termincom.kz» - бірыңғай республикалық терминологиялық электрондық базасында орналастырылған отыздан астам саланың сөздіктері бөліп берілген еді. Оларды мұқият зерттеп, сараптама жасау арқылы сәтті аудармасы табылмай жүрген кейбір күрделі терминдер мен сөз тіркестерінің ғылыми дәйектелген нақты баламалары ұсынылды, алдағы уақытта заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу барысында оларды кезең-кезеңмен енгізіп отыру қажеттігі атап көрсетілді. Мысалы, біз қарастырған Ауыл шаруашылығы саласы бойынша - 152, Экология саласы бойынша - 143, Дене тәрбиесі және спорт саласы бойынша 113 термин мен сөз тіркесіне талдау жүргізу нәтижесінде стилистикалық, мағыналық, грамматикалық, пунктуациялық қателер анықталып, олардың теңтүпнұсқалы аудармаларының бір тобы Терминкомның кезекті отырысының қарауына ұсынылды.

Енді солардың арасында заң аудармасында жиі қолданылып жүрген жекелеген терминдер мен сөздерді талдау барысында жасалған ұсыныстарға қысқаша тоқтала кетейік. Бұл терминдердің бәрі Бірыңғай республикалық терминологиялық электрондық базадағы² салалық сөздіктерден алынған.

«Несоразмерный» - Ауыл шаруашылығы саласында «шамадан тыс» немесе «мөлшерлес емес» деп алынған. «Шамадан тыс» деген тіркес Заңтану саласы сөздігінде «чрезмерный»³ деп аударылыпты. Бұл сөз тіркесінің Терминкомда мақұлданған дұрыс нұсқасы «мөлшерлес емес» болуға тиіс еді.

«Гербицид» - бұл терминнің Экология, Ауыл шаруашылығы салаларында «арамшөп-жойғы»⁴, ал Заңтану, Химия және т.б. салаларда «гербицид»⁵ деген аудармалары берілген. Ал 2001 жылғы Орфографиялық сөздікте «арамшөп-жойғы» деген сөз жоқ [2], гербицидтер тек арамшөпті ғана емес, басқа пайдалы өсімдіктерді де жояды немесе оларға зиян келтіреді. Қос сөзден тұратын «арамшөп-жойғы» (дұрыс аудармасы – «арамшөп жойғыш» болу керек) зат есімді дефиспен жазу қазақ тілі грамматикасының ережесіне қайшы келеді [3]. Сондықтан, шет тілінен енген «гербицид» тер-

² Бірыңғай республикалық терминологиялық электрондық база/ [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі: <https://termincom.kz/> (Жүгіну күні: 1.06.2022ж)

³ <https://termincom.kz/search/?termin=%D1%87%D1%80%D0%B5%D0%B7%D0%BC%D0%B5%D1%80%D0%BD&cid=0#page-2>

⁴ <https://termincom.kz/search/?termin=%D0%B3%D0%B5%D1%80%D0%B1%D0%B8%D1%86%D0%B8%D0%B4&cid=0#page-2>

⁵ <https://termincom.kz/search/?termin=%D0%B3%D0%B5%D1%80%D0%B1%D0%B8%D1%86%D0%B8%D0%B4&cid=0#page-1>

минін сол күйінде қалдыруды ұсынамыз.

«Кондиционер» - осы сөз Энергетика саласында - «кондиционер, ауабптағыш», Биология, Экология салаларында - «ауареттегіш», Тамақ өнеркәсібі және тұрмыстық қызмет саласында «кондиционер» болып әртүрлі нұсқада жүр⁶. Бұл термин де бірізге салуды қажет етеді. Нақты аудармасы әлі орнықтаған.

«Претензия» - заңнамалық актілерде алақұла аударылып жүрген (мысалы: кінәрат, кінәрат, наразылық, талап және т.б.) тағы бір заң термині. Терминком оның мағынасын аша алатын «кінәрат-талап»⁷ деген жаңа нұсқасын бекіткені ескерілмеген. Өйткені, Викисөздікке жүгінсек: «претензия – это документ, который содержит жалобу о ненадлежащем выполнении адресатом взятых обязательств, или требование о выполнении последних.»⁸. Яғни, қазақшаға аударғанда ол жай ғана талап «кінәрат-талап – адресаттың өзіне алған міндеттемелерді тиісінше орындауы туралы шағымды немесе осы міндеттемелерді орындау туралы талапты қамтитын құжат». Бұдан оның жай ғана «талап» емес екені анық байқалады.

«Версия» - болжам (салалық сөздіктерде «версия» терминінің мынадай нұсқалары берілген: версия, ойнұсқа, болжам, жорамал, нұсқа, пікір, хабар). 2018 жылы Терминком бекіткен «версия, ойнұсқа»⁹ деген екі мағынасын да мәнмәтінге (контексте) қарай басшылыққа алу ұсынылады.

«Каталог» термині де салалық сөздіктерде әртүрлі аударылған (тізілім, тізбе, тізілімдеме, тізімдеме және т.б.), ал 2015 жылғы Орысша-қазақша, қазақша-орысша сөздікте - «тізілім» [4]. Осыған ұқсас сөздердің аражігін Терминком былайша ажыратып бергенін еске сала кетейік: «список – тізім»; «реестр - тізілім»¹⁰; «регистр - тіркелім»¹¹; «перечень – тізбе»¹². «Каталог-тізімдеме»¹³ деген нұсқаны ұсынамыз.

«Лиман» - Биология, Ауыл шаруашылығы, Су шаруашылығы саласы сөздіктерінде және Су кодексінде бұл терминнің

қазақша аудармасы әртүрлі нұсқада беріліп жүр (жайылма, қойнау, көлтабан, лиман). Осы терминнің 2022 жылы Терминком бекіткен «көлтабан»¹⁴ деген нұсқасын ғана басшылыққа алуды ұсынамыз.

Конституциядан бастап әрбір заңның, халықаралық шарттың мәтіндері жеңіл оқылумен қатар, терминдер мен сөздердің түсініктілігін әрі дәлдігін талап етеді. Қабылданған заңнамалық актілердің кез келген бабын, сөйлемдерін жұртшылықтың жете түсініп, күнделікті өмірде өз құқықтарын сауатты заңнамалық актілер арқылы қорағуына жағдай жасалуға тиіс. Парламент мақұлдап, Президент қол қойған әрбір құжаттың нормалық тұрғыдан көтеретін салмақты жүгі болатынын естен шығармау қажет.

Ағымдағы жылдың басында Қазақстан Республикасының заңдары (1991 – 2001 жылдар аралығында қабылданған) мәтіндерінің мазмұнына және жазылу стиліне қойылатын талаптардың сақталуына мониторинг жүргізу бойынша үш кезеңнен тұратын (2023, 2024, 2025 жж.) іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеу жұмысының жоспары бекітілген еді. 2023 жылы ЗҚАИ Лингвистикалық орталығының ғылыми қызметкерлері осы жоспар бойынша ғылыми жұмысты бастап кетті.

Барлық материалды мұқият зерттеп, ауқымын толықтай қамту мүмкін болмайтындықтан, бұл жұмыс алдағы уақытта да бәсеңсімей, жүйелі түрде тұрақты жүргізілетін болады. Енді ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында екі Конституциялық заңға жасалған кейбір терминдердің қысқаша талдамасына тоқтала кетейік.

1. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» 1991 жылғы 16 желтоқсандағы ҚР Конституциялық заңының (бұдан әрі – Конституциялық заң) құрылымдық бөлігі 7 тараудан және 18 баптан тұрады¹⁵.

Оның кіріспесінде және мәтінінде «право» сөзі әртүрлі септікте «хұқылары»,

⁶ <https://termincom.kz/search/?termin=%D0%9A%D0%BE%D0%BD%D0%B4%D0%B8%D1%86%D0%B8%D0%BE%D0%BD%D0%B5%D1%80&cid=0>

⁷ <https://termincom.kz/search/?termin=%D0%9F%D1%80%D0%B5%D1%82%D0%B5%D0%BD%D0%B7%D0%B8%D1%8F&cid=0>

⁸ <https://csotroitsk.ru/blog/interesnoe/pretenziya-obrazets-pravila-sostavleniya.html>

⁹ <https://termincom.kz/search/?termin=%D0%BE%D0%B9%D0%BD%D2%B1%D1%81%D2%9B%D0%B0&cid=0>

¹⁰ <https://termincom.kz/search/?termin=%D1%82%D1%96%D0%B7%D1%96%D0%BB%D1%96%D0%BC&cid=0>

¹¹ <https://termincom.kz/search/?termin=%D1%82%D1%96%D1%80%D0%BA%D0%B5%D0%BB%D1%96%D0%BC&cid=0>

¹² <https://termincom.kz/search/?termin=%D0%BF%D0%B5%D1%80%D0%B5%D1%87%D0%B5%D0%BD%D1%8C&cid=0>

¹³ <https://termincom.kz/search/?termin=%D0%9A%D0%B0%D1%82%D0%B0%D0%BB%D0%BE%D0%B3&cid=0>

¹⁴ <https://termincom.kz/search/?termin=%D0%9B%D0%B8%D0%BC%D0%B0%D0%BD&cid=0>

¹⁵ Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» 1991 жылғы 16 желтоқсандағы ҚР Конституциялық заңы [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z910004400_ (Жүгіну күні: 1.06. 2023жс)

«хұқын», «хұқылық», «қақылы» деп түрліше алынған. Яғни, бірізділік сақталмаған. Сол сияқты бүкіл мәтіні бойынша, атап айтқанда 1, 4, 5, 6, 7, 11 және 16-баптарында «территория» термині сол күйінде аударылмай беріліпті. Ал оның мемлекеттік тілдегі «аумақ» деген нұсқасын 1994 жылы Терминком бекіткені ескерілмеген.

Осы Конституциялық заңның 10-бабындағы «Арбитраждық Сот – Төрелік сот», 11-бабындағы «потенциал - әлеует», 17-бабындағы «символдары – елтаңбасы, жалауы, әнұраны» деген тіркестерде ағаттықтар бар. Мұнда да ескірген терминдер өзгертілмеген. Конституцияның 9-бабында «Республика Казахстан имеет государственные символы - Флаг, Герб и Гимн» деген тіркес «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері - Туы, Елтаңбасы және Гимні бар»¹⁶ деп аударылған. Болашақта Конституцияны басшылыққа ала отырып, осы дұрыс нұсқасымен ауыстыру ұсынылады.

2. «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» 1995 жылғы 26 желтоқсандағы ҚР Конституциялық заңы (бұдан әрі – Конституциялық заң)¹⁷ 7 тараудан, 38 баптан тұрады.

Аталған Конституциялық заңның 7-бабының 4) және 5) тармақшаларында орыс тіліндегі «ратификация» деген термин «бекіту» деп аударылыпты. Оның «ратификациялау» деген нұсқасы ресми түрде бекітілген. «Бекіту» сөзі халықаралық «ратификация» терминінің толық мағынасын бере алмайды. Сондықтан 1971-1981 жж. бекітілген терминдер жинағында және салалық сөздіктерде «ратификация» деген халықаралық термин аударылмай, сол күйінде қалдырылған. Сондай-ақ 5-баптың

4-тармағында «подать в отставку» - «отставкаға беру»; 10-баптың 9), 10) және 1) тармақшаларында «отставка – орнынан түсу» деп алынған. Бірізге түсіру керек. Бұл халықаралық термин аударылмайды.

Осы Конституциялық заңның 29-бабының 1-тармағында және

37-бабында «законодательство – заңдар»,

33-бабында «консультативно-совещательные - консультативтік-кеңесші» деп аударылған сөздер тиісінше «заңнама» және «консультациялық-кеңесші» деп жазылуға тиіс. Ескіріп, қолданыстан түсіп қалған сөздер мен тіркестерді заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізгенде ескеріп, жаңа баламаларымен ауыстырып отыру қажет.

Орыс тіліндегі «правило» және «положение» деген туыстас екі терминнің аражігін ажырату қиын болып жүр. Жаңа кодекстер қабылданардың алдында (2014 ж.) Терминком «правило – қағида»¹⁸, «положение – ереже»¹⁹ деп бекітіп берген еді. Лингвистика орталығының қызметкерлері заңнамалық актілердің теңтүпнұсқалығы тұрғысынан сараптама жасаған кезде осы үрдісті ұстануға тырысады. Бұл аударманың тақырып мағынасына дөп келмей жататын кездері де бар (мыс: «правила игры - ойын ережелері», осыны «қағида» деп алсақ, үйлеспей қалады.).

Осы Конституциялық заңның бүкіл мәтіні бойынша «назначение на должность, освобождение от должности» деген тіркестер «қызметке тағайындау, қызметтен босату» деп жаңсақ аударылған. 2016 жылы бұл тіркестерді Терминком «лауазымға тағайындау»²⁰, лауазымнан босату²¹» деп бекіткен екен. Сол сияқты «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы ҚР Заңының²² ұғымдық аппаратында және бүкіл мәтінінде «должность - лауазым» деп берілген.

Қорытынды

Мақалада көтерілген мәселелерді түйіндей келе айтарымыз, мемлекеттік терминологиялық комиссия мақұлдап, бекітетін терминдердің қолданысқа енгізілуін өз салалары бойынша барлық мемлекеттік органдарға, мекемелер мен ұйымдарға жаппай міндеттеп, ресми баспасөзде және электрондық ақпарат құралдарында жариялау үшін осы терминдерді Үкіметтің арнайы қаулысымен бекіту мәселесін күн тәртібіне қою керек.

¹⁶ Қазақстан Республикасының Конституциясы [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ (Жүгіну күні: 1.06. 2023ж)

¹⁷ «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» 1991 жылғы 16 желтоқсандағы ҚР Конституциялық заңы. [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002733_ (Жүгіну күні: 1.06. 2023ж)

¹⁸ <https://termincom.kz/search/?termin=%D0%BF%D1%80%D0%B0%D0%B2%D0%B8%D0%BB%D0%BE&cid=0>

¹⁹ <https://termincom.kz/search/?termin=%D0%BF%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%B6%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D0%B5&cid=0#page-1>

²⁰ <https://termincom.kz/search/?termin=%D0%BB%D0%B0%D1%83%D0%B0%D0%B7%D1%8B%D0%BC%D2%93%D0%B0%20%D1%82%D0%B0%D2%93%D0%B0%D0%B9%D1%8B%D0%BD%D0%B4%D0%B0%D1%83&cid=0>

²¹ <https://termincom.kz/search/?termin=%D0%BB%D0%B0%D1%83%D0%B0%D0%B7%D1%8B%D0%BC%D0%BD%D0%B0%D0%BD%20%D0%B1%D0%BE%D1%81%D0%B0%D1%82%D1%83&cid=0>

²² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы ҚР Заңы [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000416> (Жүгіну күні: 1.06. 2023ж)

Терминология комиссиясының шешімдеріне міндетті сипат беру және мемлекеттік органдардың, басқа да тікелей жауапты ұйымдар мен мекемелердің ол бекіткен терминдерді сақтау бойынша заңнамаға өзгерістер енгізу мәселесін пысықтап, ұсыныс жасауын атқарушы билік қатаң түрде қадағалап отыруға тиіс деп есептейміз.

Заңнамалық актілердің сауатсыз жазылуы немесе аударылуы ондағы маңызды нормалардың бұрмалануына әкеп соғады. Әсіресе, заң аудармасының құқықтық сапасына, тең түпнұсқалығына ерекше назар аудара отырып, терминдер мен тіркестердің баламаларын мұқият сүзгіден өткізіп алып қолданысқа енгізу қажет. Мұның өзі заң мәтіндерін мемлекеттік тілде дайындау барысында әзірлеушілерге үлкен көмек болатыны сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мемлекет басшысы Қ-Ж. Тоқаевтың 2023 жылғы 15 маусымда Түркістан қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulttyk-kuryltaidyyn-adiletti-kazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959> (20.06.2023.)
2. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі: 50000 сөз. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Тіл білімі институты, - Өңд. толықт., 4-бас. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 464 бет.
3. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). – Астана: Елорда, 2000. – 532 бет.
4. Заңнама терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігі. – Астана: «Қазақстан Республикасының Заңнама институты» ММ, 2015. – 227 б.

REFERENCES

1. Memleket basshysy Q-ZH. Toqaevtyñ 2023 zhylǵy 15 mausymda Tırkistan qalasymda ótken Ұlttyq qurultajdyñ «Adiletty Qazaqstan – Adal azamat» atty ekinshi otyrysynda sөjlegen sөzi // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulttyk-kuryltaidyyn-adiletti-kazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959> (20.06.2023.)
2. Qazaq tiliniñ orfografiyalық sөzdigi: 50000 sөz. QR Bilim zhәne ғылым ministrliги. Til bilimi instituty, - Өңd.tolyqt., 4-bas. – Almaty: Dajk-Press, 2001. – 464 bet.
3. Syzdyq R. Qazaq tiliniñ anyqtayshy (emle, tynys belgileri, sөz sazy). – Astana: Elorda, 2000. – 532 bet.
4. Zaңnama termindерiniñ qazaqsha-oryssha, oryssha-qazaqsha sөzdigi. – Astana: «Qazaqstan Respublikasynyñ Zaңnama instituty» MM, 2015. – 227 b.